

«Алматы мемлекеттік бизнес
колледжі» Мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны



Государственное коммунальное
казенное предприятие
«Алматинский государственный
бизнес колледж»

Директордың бұйрығымен
бекітілді 2022-12-01
Утверждено приказом
директора 1.04
« 12 » 01 2022ж/г.



**Педагогтар лауазымына конкурстық орналасу туралы /
о конкурсном замещении должностей педагогов**

Өзірледі / Разработал		
Кадрлар бөлімінің менгерушісі / Заведующая отделом кадров	 (қолы / подпись)	Ж.Нурсейтова

Басылым 01 / Издание 01

Алматы, 2022

Мазмұны /
Содержание

	бет / стр.
1. Жалпы ережелер	3
2. Конкурсты ұйымдастыру	4
3. Конкурс туралы хабарландыру	4
4. Конкурстық комиссия құру	5
5. Конкурс қатысушыларының құжаттарын қабылдау және қарау	5
6. Конкурсты өткізу тәртібі	7
7. Шағымдану тәртібі	9
8. Қорытынды ережелер	9
Қосымша	10
Келісу парағы	15

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Педагогтар лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ереже» (бұдан әрі – Ереже) білім беру қызметі туралы заңнама нормаларын іске асыру, «Алматы мемлекеттік бизнес колледжі» МКҚК (бұдан әрі – «Колледж») білім беру қызметіне жоғары білікті ғылыми және педагогикалық қызметкерлерді тарту және қызметкердің жеке қабілеті мен кәсіби білімін ескере отырып, оның бастамасы мен дербестігі, құқықтық және әлеуметтік қорғалуы үшін жағдайларды пайдалана отырып, тиімді кадр саясатын белгілеу, тараптардың өзара жауапкершілігін арттыру мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ереже Колледждің ресми интернет-сайтында орналастырылады.

1.3. Ереже Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына және Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына (ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2021 № 568 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.11.2021 № 432 бірлескен бұйрығымен) сәйкес әзірленді және Колледждің штаттық кестесінде қарастырылған оқытушылар лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібін және Конкурстық комиссия жұмысын айқындайды.

1.4. Колледждің штаттық кестесінде қарастырылған оқытушылар құрамына жататын педагог қызметкерлердің лауазымдарына: директордың орынбасарлары (шаруашылықтан басқа), бөлім меңгерушілері, оқу-өндірістік шеберхана меңгерушілері, әдіскерлер, оқытушылар, педагог-психолог, тәрбиешілер, оқу-өндірістік шеберлері жатады.

1.5. Колледждің оқытушылар құрамының жасақталуын есептеуге қойылатын бірыңғай талаптарды сақтау үшін саналады:

1.5.1) негізгі жұмыс орны Колледж болып табылатын, толық ставкада, сондай-ақ оның бөлігінде жұмыс істейтін негізгі штаттық педагогикалық қызметкер;

1.5.2) штаттық педагогикалық қызметкер деп оқытушылық қызметті қоса атқаратын әкімшілік-басқару персоналының (штаттық қызметкерлердің) ішкі қоса атқарушыларын түсіну қажет. Олар үшін конкурстық іріктеу жалпы негізде өтеді.

1.6. Конкурса Колледжде жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін тұлғалар қатысуға құқылы.

1.7. Педагогтар лауазымдарына орналасу конкурсына лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына (сипаттамаларына) сәйкес келетін, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар тұлғалар жіберіледі.

1.8. Конкурс лауазымға қойылатын біліктілік талаптарын (сипаттамаларын) ескере отырып, кандидаттың кәсіби және жеке қасиеттерінің деңгейін айқындау үшін бетпе-бет әңгімелесу формасында өткізіледі.

1.9. Конкурстық комиссия төрағасының шешімі бойынша конкурс әңгімелесудің бейнежазбасын ұсына отырып, онлайн-әңгімелесу режимінде өткізілуі мүмкін.

1.10. Оқу процесін қамтамасыз ету үшін педагогикалық қызметкерлерді жұмысқа қабылдау еңбек шартын жасасу негізінде және бұйрық шығару жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұйрықта қызметкердің – «конкурс бойынша сайланғанға дейін» қабылданған күні және шарттың аяқталу мерзімі көрсетіледі. Конкурс бойынша сайланғанға дейін қабылданған педагогикалық қызметкерлер Колледж сайтында жарияланатын конкурса қатысуға міндетті.

1.12. Зейнеткерлік жастағы тұлғалар конкурстық іріктеуден жалпы негізде 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге өтеді, кейіннен олармен еңбек шарты шектеусіз жыл сайын ұзартылады.

1.13. Қайта сайлау конкурсына қатысу үшін өтініш берген Колледж қызметкерлері болып табылатын кандидаттар әңгімелесуден өтпейді, бірақ оның кандидатурасы бойынша құжаттарды қарау кезінде Конкурстық комиссия отырысына қатыса алады. Конкурстық комиссия отырысында олардың кандидатураларын цикл жетекшісі ұсынады.

1.14. Конкурс бойынша өтпейді:

1.14.1) қоса атқаратын жұмысқа қабылдау кезінде;

1.14.2) уақытша болмайтын қызметкерді алмастыру кезеңіне қабылданатындар;

1.14.3) жүкті әйелдер (жүктілік туралы анықтаманы ұсыну міндетті);

1.14.4) Педагог қызметкерлер арасынан жұмыскерді оның келісімімен ауыстыру кезінде, оның ішінде Колледжді немесе құрылымдық бөлімшені қайта құруға (құрылымдық бөлімше атауын өзгерту) және/немесе санын (штатты) сол құрылымдық бөлімшеде атқаратын лауазымына катысты ұқсас немесе төменгі лауазымға қысқартуға байланысты немесе еңбек шартының мерзімі аяқталғанға дейін басқа құрылымдық бөлімшеге ауыстыру кезінде.

1.15. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 51 бабының 1 тармағына сәйкес, Колледжде конкурсқа қатысуға жіберілмейтін тұлғалар:

1.15.1) медициналық қарсы көрсеткіштері бар;

1.15.2) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрғандар;

1.15.3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде қарастырылған шектеулер негізінде;

1.15.4) заңды күшіне енген сот үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылғандар.

2. Конкурсты ұйымдастыру

2.1. Колледждің Интернет-сайтында және/немесе әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;

2.2. Конкурсты өткізу күні мен орнын айқындау және конкурстық комиссияны қалыптастыру;

2.3. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау;

2.4. Кандидаттар құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау;

3. Конкурс туралы хабарландыру

3.1. Педагогтар лауазымдарына орналасуға конкурс жылына кемінде 2 рет жарияланады.

3.2. Конкурс өткізу туралы хабарландыру Колледждің ресми интернет-сайтында және/немесе әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында орналастырылады. Конкурсты өткізу мерзімі Колледж директорының бұйрығымен айқындалады.

3.3. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мыналарды қамтуы тиіс:

3.3.1) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы көрсетілген бос және (немесе) уақытша бос лауазымы (сағаты) көрсетілген Колледж атауы;

3.3.2) негізгі функционалдық міндеттері, еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары белгіленген бос және (немесе) уақытша бос лауазымның атауы;

- 3.3.3) педагогтердің үлгілік біліктілік талаптарымен (сипаттамаларымен) анықталатын конкурс қатысушыларына қойылатын негізгі талаптар;
- 3.3.4) құжаттарды қабылдау мерзімі Конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі;
- 3.3.5) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі.
- 3.3.6) уақытша бос лауазымға конкурс өткізу кезінде педагогтің уақытша бос лауазымының мерзімі.

4. Конкурстық комиссия құру

- 4.1. Колледждің педагогтар лауазымдарына орналасуға арналған конкурстық комиссияның құрамы және конкурстық комиссияның құрамына өзгерістер енгізу Колледж директорының шешімі бойынша жүзеге асырылады.
- 4.2. Конкурстық комиссияның негізгі міндеттері:
 - 4.2.1) кандидаттарға конкурсқа қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
 - 4.2.2) конкурс қатысушылары арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
 - 4.2.3) конкурсты өткізудің әділдігінің, жариялылығының және ашықтығының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
 - 4.2.4) конкурстық комиссия отырыстарының кестесін айқындау;
 - 4.2.5) конкурс қорытындысы бойынша шешім шығару.
- 4.3. Конкурстық комиссия мынадай құрамда құрылады:
 - 4.3.1) конкурстық комиссия кемінде комиссияның бес мүшесінен, оның ішінде комиссия мүшелерінің арасынан - төрағасы сайланады;
 - 4.3.2) конкурстық комиссия құрамына колледж әкімшілігінің өкілдері, педагогтар, азаматтық қоғамның өкілдері, қалалық білім бөлімінің мамандары немесе әдіскерлері кіреді;
 - 4.3.3) конкурстық комиссияның хатшысы комиссияның қарауына енгізілетін материалдарды дайындайды, хатшы комиссия қызметіне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады және дауыс беру рәсіміне қатысуға құқығы жоқ, сондай-ақ конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды;
 - 4.3.4) конкурстық комиссияның қатыспаған мүшелерін (науқастануына, демалыста немесе іссапарда болуына байланысты) оны басқа біреумен алмастыруға жол берілмейді;
 - 4.3.5) конкурстық комиссияның отырыстары төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қойған хаттамамен рәсімделеді;
 - 4.3.6) конкурстық комиссияның отырысы, егер оған комиссияның жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысса, өтті деп, ал оның шешімі заңды деп есептеледі;
- 4.4. Конкурстық комиссияның қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда конкурстық комиссияның құрамы қайта қаралады.
- 4.5. Конкурстық комиссияның отырыстары аудио-бейне жазбамен сүйемелденеді. Аудио-бейне жазбалар Колледжде бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақталады.

5. Конкурс қатысушыларының құжаттарын қабылдау және қарау

- 5.1. Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау Колледждің ресми интернет-сайтында конкурс туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі;

- 5.2. Конкурса катысуға ниет білдірген кандидат хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:
- 5.2.1) конкурса катысу туралы өтініш 1- қосымшаға сәйкес;
 - 5.2.2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);
 - 5.2.3) кадрларды есепке алу бойынша жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген-бар болса);
 - 5.2.4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
 - 5.2.5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
 - 5.2.6) денсаулық жағдайы туралы № 075У үлгідегі медициналық анықтама;
 - 5.2.7) конкурса катысушының есепте тұрмайтындығы туралы психоневрологиялық ұйымнан анықтама.
 - 5.2.8) конкурса катысушының есепте тұрмайтыны туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы;
 - 5.2.9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі - ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда);
 - 5.2.10) педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы (2-ші қосымшаға сәйкес)
- 5.3. Конкурса катысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне катысты қосымша ақпаратты (соңғы бес жыл ішінде қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстырып тексеру үшін түпнұскалары, ғылыми академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынуға құқылы;
- 5.4. Осы Ереженің тізбесіне сәйкес құжаттардың толық емес пакетін ұсыну не өтініш уақтылы берілмеген жағдайда, өтінішті қабылдаудан еркін нысанда бас тарту үшін негіз болып табылады.
- 5.5. Колледж кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөнінде уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы, сондай-ақ педагогикалық әдептің бұзылуы туралы сұрау салуды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жібереді.
- 5.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасуға тыйым салатын сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық және/немесе педагогикалық әдеп нормаларын бұзу туралы мәліметтер анықталған жағдайда, педагог конкурстың кез келген кезеңінде шеттетіледі.
- 5.7. Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде кандидаттар құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарауды жүргізеді.

- 5.8. Конкурстық комиссия кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Бағалау парағында көрсетілген балдарды есептеуді жүргізеді.
- 5.9. Конкурс қорытындылары бойынша шешімді конкурстық комиссия жинаған балл негізінде қабылдайды.
- 5.10. Ең көп балл жинаған кандидат конкурстан өтті деп есептелінеді.
- 5.11. Кандидаттардың балл саны тең болған жағдайда конкурстық комиссия әңгімелесу өткізу туралы шешім қабылдайды, нәтижесі бойынша кандидат анықталады.
- 5.12. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссияның кез келген мүшесі өз пікірін баяндайды, комиссия отырысының хаттамасына тіркеледі.
- 5.13. Конкурстық комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді, оған комиссия төрағасы мен мүшелері және хатшы қол қояды.
- 5.14. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келетін немесе комиссияның оң қорытындысын алған кандидатпен Колледж басшысы еңбек шартын жасасады және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.
- 5.15. Егер конкурс нәтижесінде комиссия бос лауазымға орналасуға кандидатты анықтамаса, конкурс өткізілмеді деп танылады.
- 5.16. Оқу жылының басында бос лауазымға тиісті кандидат анықталмаған жағдайда, оқу жылы ішінде бос сағаттар Колледж педагогтері арасында бөлінеді және (немесе) уақытша педагог және (немесе) қоса қызмет атқаратын педагог қабылданады.
- 5.17. Конкурсқа қатысушылар конкурстық комиссия шешіміне жоғары тұрған органның апелляциялық комиссиясына немесе сот тәртібімен шағым жасай алады.
- 5.18. Педагогті лауазымынан босату Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 49-бабында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.
- 5.19. Жоғарыда көрсетілген 6) – 9) тармақшалар бойынша ұсынылатын анықтамалар құжаттарды тапсыру күніне дейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде болуы мүмкін.
- 5.20. Колледж қызметкерлері болып табылатын тұлғалар Колледждің ресми интернет-сайтында конкурс туралы хабарландыруда жарияланған құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кешіктірмей қайта сайлау конкурсына қатысу үшін еркін нысанда өтініш береді.
- 5.21. Егер конкурсқа қатысушы Колледждің қызметкері болып, оның кадрлар бөлімінде құжаттары болған жағдайда (мысалы, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы дипломның көшірмесі және т.б.) оларды қайта тапсыру талап етілмейді.
- 5.22. Конкурсқа қатысатын кандидаттың құжаттары алдын ала тиісті циклдың отырысында қаралады, онда ұсынымдық сипатта қорытынды шығарады.
- 5.23. Конкурсқа қатысатын және педагогикалық өтілі бар кандидаттар конкурс алдындағы кезеңдегі педагогикалық қызметі туралы цикл отырысында есеп береді.
- 5.24. Әрбір кандидат бойынша цикл қорытындысы цикл отырысының хаттамасынан үзінді түрінде Конкурстық комиссияға жіберіледі.
- 5.25. Конкурсқа қатысушылар цикл отырысына қатысуға және олардың қалауы бойынша оның қорытындысымен танысуға құқылы.
- 5.26. Бөлім меңгерушісі лауазымына конкурсқа қатысатын кандидаттар Конкурстық комиссияның отырысына тиісті бөлімнің үш жылға арналған стратегиялық дамуы туралы презентацияны қосымша ұсынады.

6. Конкурсты өткізу тәртібі

6.1. Байқау келесі кезеңдерден тұрады:

6.1.1) өтінімдерді қарау және кандидаттардың құжаттарының сәйкестігі;

6.1.2) цикл жетекшілерінің кандидаттарды (жаңадан қабылданатындарды және жаңа мерзімге қайта сайланатындарды) ұсынуы;

6.1.3) жаңадан қабылданған кандидаттармен әңгімелесу өткізу;

6.1.4) конкурс қорытындысын шығару.

6.2. Лауазымдарға орналасуға кандидаттармен әңгімелесу кезеңі аяқталғаннан кейін Конкурстық комиссия ашық немесе жасырын дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

6.3. Ашық дауыс беру рәсімі мыналарды қамтиды:

6.3.1) *Ашық дауыс беру* кезінде Конкурстық комиссияның шешімі бағалау парақтары нәтижелерінің негізінде Конкурстық комиссия мүшелері жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конкурстық комиссияның отырысы Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

6.3.2) Талқылау барысы мен Конкурс комиссиясының шешімі Конкурс комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

6.3.3) Ерекше пікірі бар конкурстық комиссияның мүшелері оны білдірген жағдайда оны жазбаша нысанда баяндайды, ол хаттамаға қоса тіркеледі.

6.4. Жасырын дауыс беру рәсімі мыналарды қамтиды:

6.4.1) *Жасырын дауыс беру* кезінде Конкурстық комиссия осы Ережедегі Қосымшаға сәйкес лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге кандидатураны енгізу туралы шешім қабылдайды.

6.4.2) Кандидатпен келісу немесе келіспеу әрбір кандидаттың тегіне қарсы «келісемін» немесе «келіспеймін» деген сөздермен білдіріледі. Конкурстық іріктеуге бір лауазымға екі және одан да көп кандидат қатысқан жағдайда бірде-бір тегі сызылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

6.4.3. Дауыстарды санау үшін Конкурстық комиссия жасырын дауыс беру басталар алдында Конкурстық комиссия арасынан құрамында кемінде үш комиссия мүшесі бар есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әрбір кандидат бойынша дауыс беру нәтижелерін жария етеді. Есеп комиссиясының хаттамасын Конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалдарына қоса тіркеледі.

6.4.4) Егер дауыс беруге оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, конкурс өткізу кезіндегі Конкурстық комиссияның шешімі жарамды болып табылады.

6.4.5) Кандидат, егер оған комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда, оң қорытынды алады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6.4.6) Конкурстық комиссияның жасырын дауыс беру арқылы қабылдаған шешімі, егер ол осы Ережені сактай отырып қабылданса, негізгі болып табылады.

6.4.7) Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша Конкурстық комиссия бос лауазымға әрбір кандидат бойынша еңбек шартын жасасу үшін «Колледж директорына ұсынылады» немесе «Колледж директорына ұсынылмайды» деген жазумен ұсынымдар дайындайды.

6.5. Конкурстық комиссияның нәтижелерімен оған қатысқан тұлғалар комиссия хатшысы арқылы танысуға құқылы.

6.7. Конкурстың қорытындысы бойынша хатшы хаттама ресімдейді, оған Конкурстық комиссияның Төрағасы қол қояды.

6.8. Еңбек шартын жасау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Колледж директорының бұйрығы шыққаннан кейін, 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Еңбек шарты бұйрықта көрсетілген мерзімге жасалады. Еңбек шарты, осы Ережеде көрсетілген тұлғалардан басқа, 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге жасалады. Еңбек шартының қолданылу мерзімінің аяқталу күні 31 тамызда белгіленеді.

7. Шағымдану тәртібі

7.1. Конкурса қатысушылар мен кандидаттар конкурстық құжаттармен және Конкурстық комиссияның оларға қатысты бөлігіндегі шешімдерімен таныса алады.

7.2. Конкурса қатысушылар мен кандидаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен комиссия шешіміне шағымдануға құқылы.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Ережеде Колледждің жалпы құрылымындағы комиссияның құқықтық жағдайын, оның қызмет аясын регламенттейтін негізгі нормалар берілген, олар Колледждің ішкі нормативтік құжаттарымен және Колледж әкімшілігінің ұйымдастырушылық-өкімдік актілерімен өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін.

8.2. Осы Ереженің орындалуын бақылау қызметі және уақытында маңыздылығын арттыру Конкурстық комиссияның Төрағасына жүктеледі.

8.3. Конкурстық комиссия жұмысының нәтижелері туралы ақпарат Педагогикалық Кеңес мүшелеріне және мүдделі тұлғаларға кеңес отырысында жеткізіледі.

МКҚК «Алматы мемлекеттік бизнес колледжі»

Конкурс жариялаған мемлекеттік орган

кандидаттың Т.А.Ә. (болған жағдайда), ЖСН

(лауазымы, жұмыс орны)

Нақты тұратын жері, тіркелген мекенжайы, байланыс телефоны

ӨТІНІШ

Мені бос/уақытша бос лауазымға орналасуға арналған конкурсқа жіберуіңізді сұраймын (керегінің астын сызу керек)

Колледждің атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала/ауыл)
Қазіргі уақытта жұмыс істеймін

лауазымы, ұйымның атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала/ауыл)

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Диплом бойынша мамандығы

Біліктілік санатының болуы (берген (растаған) күні): _____

Педагогикалық жұмыс өтілі: _____

Келесі жұмыс нәтижелерім бар: _____

Наградалары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтері (бар болған жағдайда) _____

Педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың бағалау парағы

(Т.А.Ә. (болған жағдайда))			
№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Балл саны (1-ден 20-ға дейін)
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы диплом	Техникалық және кәсіптік =1 Жоғары күндізгі =5 жоғары сырттай/қашықтықтан оқыту =2 жоғары білім туралы үздік диплом =7
2.	Ғылыми/ академиялық дәрежесі	Білімі туралы диплом	Магистр немесе жоғары білімі бар маман =5 PhD –докторы =10 Ғылым докторы =10 Ғылым кандидаты = 10
3.	Ұлттық біліктілік тестілеуі	Сертификат	«Педагог» біліктілік санатымен, Мазмұны бойынша: 50-ден 60-қа дейін =0 балл 60-тан 70-ке дейін = 2 балл 70-тен 80-ге дейін = 5 балл 80-нен 90-ға дейін = 6 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40-қа дейін = 0 балл 40-тан 50-ге дейін =1 балл 50-ден 60-қа дейін = 2 балл 60-тан 70-ке дейін = 3 балл «Педагог-модератор» біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60 балға дейін =0 балл 60-тан 70 балға дейін = 3 балл 70-тен 80 балға дейін = 6 балл 80-ден 90 балға дейін = 7 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40 балға дейін =0 балл 40-тан 50 балға дейін = 2 балл 50-ден 60 балға дейін =3 балл 60-тан 70 балға дейін = 4 балл «Педагог-сарапшы» біліктілік санатымен Мазмұны бойынша:

			50-ден 60 балға дейін = 0 балл 60-тан 70 балға дейін = 4 балл 70-тен 80 балға дейін = 7 балл 80-ден 90 балға дейін = 8 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40 балға дейін = 0 балл 40-тан 50 балға дейін = 3 балл 50-ден 60 балға дейін = 4 балл 60-тан 70 балға дейін = 5 балл «Педагог-зерттеуші» біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60 балға дейін = 0 балл 60-тан 70 балға дейін = 5 балл 70-тен 80 балға дейін = 8 балл 80-ден 90 балға дейін = 9 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40 балға дейін = 0 балл 40-тан 50 балға дейін = 4 балл 50-ден 60 балға дейін = 5 балл 60-тан 70 балға дейін = 6 балл «Педагог-шебер» біліктілік санатымен - 10 балл
4.	Біліктілігі/санаты	Куәлік, өзге де құжат	2 санат-1 балл 1-санат-2 балл жоғары санатты – 3 балл Педагог-модератор-3 балл Педагог-сарапшы – 5 балл Педагог-зерттеуші – 7 балл Педагог-шебер- 10 балл
5.	Педагогикалық қызмет өтілі	еңбек кітапшасы/еңбек қызметін алмастыратын құжат	1 жылдан 3 жылға дейін = 1 3 жылдан 5 жылға дейін = 1,5 5 жылдан 10 жылға дейін = 2 10 жылдан және одан жоғары = 3
6.	Әкімшілік және әдістемелік қызмет тәжірибесі	еңбек кітапшасы/ еңбек қызметін алмастыратын құжат	әдіскер = 1 балл директор орынбасары = 3 балл директор = 5 балл
7.	Жұмысқа алғаш кіріскен педагогтар үшін	Білімі туралы дипломға қосымша	Педагогикалық/кәсіптік практика нәтижелері «өте жақсы» = 1 балл «жақсы» = 0,5 балл
8.	Алдыңғы жұмыс орнынан хат (еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде)	Хат	Оң ұсыныс хаттың болуы = 3 балл Ұсыныс хат болмаған жағдайда – минус 3 балл Теріс ұсыныс хаттың болуы =

			минус 5 балл
9.	Кәсіби жетістіктердің көрсеткіштері	- білім алушылардың дипломдары, олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының грамоталары, ғылыми жобалары; - мұғалімдер мен олимпиадалар жеңімпаздарының дипломдары, грамоталары; - мемлекеттік награда	олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері – 0,5 балл ғылыми жобалар – 1 балл олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері – 3 балл «Үздік педагог» конкурсының қатысушысы – 1 балл «Үздік педагог» конкурсының жүлдегері – 5 балл медаль «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» - 10 балл
10.	Әдістемелік қызмет	- авторлық жұмыстар және жарияланымдар	ҚР БҒМ тізбесіне енгізілген оқулықтардың және (немесе) ОӘК авторы немесе тең авторы – 5 балл РОӘК – 2 тізбесіне енгізілген оқулықтардың және (немесе) ОӘК авторы немесе тең авторы БҒССҚЕК, Scopus – 3 тізбесіне енгізілген ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жарияланымның болуы
11.	Қоғамдық-педагогикалық қызметі	- көшбасшылық - көптілділікті жүзеге асыру	тәлімгер -0,5 балл ӘБ жетекшілігі – 1 балл кәсіби-педагогикалық қауымдастық көшбасшысы – 1 балл 2 тілде оқыту, орыс/қазақ- 2 балл шетел/орыс, шетел/қазақ- 3 балл 3 тілде оқыту (қазақ, орыс, шетел) – 5 балл
12.	Курстық дайындық	- пәндік дайындық сертификаттары; - цифрлық сауаттылық сертификаты, ҚАЗТЕСТ, IELTS; TOEFL; DELF; Goethe Zertifikat, «Python-да бағдарламалау негіздері», «Microsoft-пен жұмыс істеуді оқыту» бағдарламалары - бойынша оқыту	НЗМ ПШО, «Өрлеу» курстары-0,5 балл курстар – 0,5 балл (әрқайсысы жеке)
Барлығы:		Максималды балл - 83	

Бюллетень

Лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру үшін

«Алматы мемлекеттік бизнес колледжі» МКҚК

Конкурстық комиссия

(№ ____ директордың бұйрығымен бекітілді «__» _____ 20__ жыл)

Отырыс «__» _____ 20__ жыл.

Хаттама № ____

Лауазымы _____

бөлімі _____

Пән циклы _____

Жарияланған бірліктер саны _____

№	Кандидаттың тегі*, аты, әкесінің аты (бар болса)	Дауыс беру нәтижелері	
1		<i>Келісемін</i>	<i>Келіспеймін</i>
2		<i>Келісемін</i>	<i>Келіспеймін</i>

* Ескертпе:

1. Тегі әліпбилік тәртіппен енгізіледі.
2. Кандидатураны «Қолдау» бойынша дауыс беру нәтижелері - «Келісемін» деген сөзді, «Қарсы» дауыс беру кезінде - «Келіспеймін» деген сөзді сызу арқылы көрсетіледі.
3. Комиссия мүшесі "келісемін", "келіспеймін" деген сөздермен дауыс беретін кандидатуралар саны жарияланған бірліктер санынан аспауға тиіс.
4. Көрсетілген қағидалар бұзыла отырып толтырылған бюллетень жарамсыз деп танылады

ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУДІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМІ

Шешім	Негіздеме	Ескертпе
Лауазымға орналасуға ұсынылады		
Лауазымға орналасуға ұсынылмайды		

Конкурстық комиссияның мүшелері:

№	Т.А.Ә.	лауазымы	күні	қолы
п/п				
1				
2				

Келісу парағы /
Лист согласования

[illegible]

Бюллетень для тайного голосования по конкурсному отбору на должность

ГККП «Алматинский государственный бизнес колледж»

Конкурсная комиссия
(утверждена приказом директора № ____ от «__» _____ 20__ года.)

Заседание от «__» _____ 20__ года.

Протокол № ____

На должность _____

отдел _____

цикл _____

Количество объявленных единиц _____

№	Фамилия*, имя, отчество (при его наличии) кандидата	Результаты голосования	
		Согласен	Не согласен
1			
2			

***Примечание:**

1. Фамилии вносятся в алфавитном порядке.
2. Результаты голосования «За» кандидатуру выражаются вычеркиванием слова «Согласен», при голосовании «Против» - вычеркиванием слова «Не согласен».
3. Количество кандидатур, за которых член комиссии голосует слова «Согласен», «Не согласен», не должно превышать количество объявленных единиц.
4. Бюллетень, заполненный с нарушениями указанных правил, признается недействительным.

ИТОГОВОЕ РЕШЕНИЕ ТАЙНОГО ГОЛОСОВАНИЯ

Решение	Обоснование	Примечание
Рекомендуется к занятию должности		
Не рекомендуется к занятию должности		

Члены конкурсной комиссии:

№ п/ п	ФИО	должность	дата	подпись
1				
2				